

ӨЛКЕТАНУ - ДІНТАНУ ЖӘНЕ АНТРОПОЛОГИЯ
КРАЕВЕДЕНИЕ - РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ И АНТРОПОЛОГИЯ
LOCAL HISTORY - RELIGIOUS STUDIES AND ANTHROPOLOGY

FTAXP: 17.82.00

<https://orcid.org/0000-0002-8078-1585>

<https://orcid.org/0009-0006-2399-6359>

Таджиев Х.Х., Шекербек А.М.*

доктор PhD, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент. Қазақстан

АБАЙ ІЛІМІ МЕН ЖӘДИДШІЛДІК ИДЕЯЛАРДЫҢ ӨЗАРА ЫҚПАЛЫ

***Автор корреспондент:** shekerbekaruzhan@bk.ru

Түйін: мақалада қазақ руханиятының көрнекті өкілі Абай Құнанбайұлының діни-философиялық ілімі мен түркі-мұсылман әлеміндегі ағартушылық бағыттағы жәдидшілдік идеяларының өзара мазмұндық сабақтастығы кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу барысында Абай шығармаларындағы иман, Алла танымы, адам болмысы, рухани кемелдену мәселелері жүйелі талданып, ақынның діни көзқарасының мәні сыртқы ғибадат формаларынан гөрі ішкі сенім, жүрек тазалығы және ақылға негізделген таныммен тығыз байланысты екені айқындалады. Сонымен қатар, Абайдың діни танымындағы рационалдық сипат, діннің мәнін түсіндірудегі сыншыл ұстаным және діни білім беру жүйесіне қатысты көзқарастары жәдидшілдік ағымның ағартушылық, жаңашылдық бағыттарымен салыстырмалы түрде сараланады. Ақынның дінді соқыр сенімнен аршып, оның адамгершілік және рухани мәнін алдыңғы орынға қоюы жәдидшілдік идеялардағы «саналы дін», «жаңаша білім беру» ұстанымдарымен мазмұндық тұрғыдан үндес келетіні ғылыми негізде дәлелденеді. Мақалада Абайдың «толық адам» ілімі ерекше назарға алынып, оның негізін құрайтын ақыл, әділет, рақым категориялары арқылы кемел тұлға қалыптастыру концепциясы талданады. Бұл ілімнің жәдидшілдік ағымдағы тұлғаны рухани және интеллектуалдық тұрғыдан жетілдіру идеяларымен байланысы анықталады. Мақала барысында салыстырмалы-тарихи, герменевтикалық және мәтіндік талдау әдістері қолданылып, Абай мұрасы мен жәдидшілдік идеялардың өзара ұқсастықтары мен ерекшеліктері жүйеленеді. Нәтижесінде, екі бағыттың да түпкі мақсаты – адам санасын жаңғырту, иман мен білімді ұштастыру арқылы қоғамды рухани жетілдіру екені тұжырымдалады.

Кілт сөздер: Абай ілімі, жәдидшілдік, иман, толық адам, ағартушылық, рационалдық, дін, руханият, әділет, ақыл

MPHTI: 17.82.00

<https://orcid.org/0000-0002-8078-1585>

<https://orcid.org/0009-0006-2399-6359>

Таджиев Х.Х., Шекербек А.М.*

доктор PhD, доцент, ЮКИУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

магистрант, ЮКИУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

ВЗАИМОСВЯЗЬ УЧЕНИЯ АБАЯ И ИДЕЙ ЖАДИДИЗМА

***Автор корреспондент:** shekerbekaruzhan@bk.ru

Аннотация: В данной статье комплексно рассматривается содержательная взаимосвязь религиозно-философского учения выдающегося представителя казахской духовности Абая Кунанбайулы и идей просветительского направления жадиизма в тюркско-мусульманском мире. В процессе исследования систематически анализируются вопросы веры, познания Аллаха, природы человека и духовного совершенствования в произведениях Абая, выявляя, что религиозные взгляды поэта связаны прежде всего с внутренней верой, чистотой сердца и познанием, основанным на разуме, а не с внешними формами поклонения. Кроме того, рациональный характер религиозного понимания Абая, его критический подход к толкованию религии и взгляды на систему религиозного образования сопоставляются с просветительскими и обновленческими принципами жадиизма. Стремление поэта освободить религию от слепых суеверий и поставить на первый план её моральное и духовное значение содержательно созвучно жадиистским идеям «сознательной религии» и «нового образования», что подтверждается научно. Особое внимание в статье уделяется учению Абая о «совершенном человеке», анализируются его фундаментальные категории – разум, справедливость и милосердие, формирующие концепцию зрелой личности. Установлена связь данного учения с идеями жадиизма о духовном и интеллектуальном развитии личности. В работе применяются сравнительно-исторический, герменевтический и текстовый методы анализа, систематизируются сходства и различия между наследием Абая и идеями жадиизма. В итоге делается вывод, что основная цель обоих направлений – обновление сознания человека и духовное совершенствование общества через интеграцию веры и знания.

Ключевые слова: учение Абая, жадиизм, вера, совершенный человек, просвещение, рациональность, религия, духовность, справедливость, разум

IRSTI: 17.82.00

<https://orcid.org/0000-0002-8078-1585>

<https://orcid.org/0009-0006-2399-6359>

Tadzhiyev Kh.Kh., Shekerbek A.M.*

doctor PhD, Associate Professor, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

Master's student, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

THE INTERRELATIONSHIP OF ABAY'S TEACHINGS AND JADIDIST IDEAS

***Corresponding author:** shekerbekaruzhan@bk.ru

Abstract: This scholarly article comprehensively examines the substantive interconnection between the religious-philosophical teachings of the prominent figure of Kazakh spirituality, Abay Qunanbaiuly, and the educationally reformist Jadidist ideas within the Turkic-Muslim world. During the research, Abay's works addressing faith, knowledge of God, human nature, and spiritual perfection are systematically analyzed, revealing that the poet's religious perspective is more closely connected with inner belief, purity of heart, and cognition based on reason, rather than mere external forms of worship. Furthermore, the rational character of Abay's religious understanding, his critical approach to interpreting faith, and his perspectives on religious education are comparatively examined in relation to the pedagogical and reformist principles of the Jadidist movement. The poet's effort to liberate religion from blind superstition and to prioritize its moral and spiritual significance aligns substantively with the Jadidist principles of «conscious religion» and «modernized education», which is demonstrated on a scholarly basis. The study places particular emphasis on Abay's doctrine of the «perfect human», analyzing its foundational

categories of reason, justice, and compassion, which constitute the framework for cultivating a mature personality. The connection of this doctrine with the Jadidist movement's ideas on developing individuals spiritually and intellectually is clearly established. Comparative-historical, hermeneutical, and textual analysis methods are applied throughout the article, systematically outlining the similarities and distinctions between Abay's heritage and Jadidist thought. Ultimately, it is concluded that the core aim of both approaches is to renew human consciousness and to elevate society spiritually by integrating faith and knowledge.

Keywords: Abay's teachings, jadidism, faith, perfect human, enlightenment, rationality, religion, spirituality, justice, reason

Кіріспе

Жәдидшілдік - мұсылман жұртшылығының рухани һәм мәдени тіршілігінде жаңа бір леп әкелген, ескіліктің қасаң қағидаларын бұзып, ғылым-білімге сүйенген өркениетті жолды ұстануға үндеген ағартушылық қозғалыс. Бұл ағым, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында түркі-мұсылман халықтарының арасында кеңінен таралып, олардың қоғамдық санасының жаңғыруына, оқу-ағарту ісінің ілгерілеуіне зор ықпал етті. Жәдидшілдер «усули жәдид», яғни «жаңа әдіс» арқылы бала оқыту ісін жеңілдетіп, сауат ашуды тездетуді, дүниелік ғылымдарды игеруді мұрат тұтты. Олар үшін дін мен ғылым бір-біріне қарсы емес, қайта бірін-бірі толықтыратын, адамзатты кемелдікке бастайтын қос арна деп танылды.

Осындай игі мұраттағы қозғалыс қазақ даласына да жат болмай, өз өрісін тапты. Қазақ сахарасына жәдидшілдік идеялардың таралуына қырымдық татардың көрнекті ғалымы Ысмайыл Ғаспыралының «Тәржіман» газеті үлкен себепкер болды деуге негіз бар [1, 1-69]. Аталған басылым түркі жұртының ортақ мұң-мұқтажын жоқтап, ғылым мен білімнің, бірлік пен өркендеудің жаршысы болды. Сол себепті де Алаш қайраткерлері Батыс пен Шығыстың игілігін тең ұстаған, ғылыми исламды өмірінің өзегіне айналдырған Исмаил Гаспринскийді өздеріне үлгі тұтты. Өз халқын қараңғылық құрсауынан алып шығуды мұрат еткен қазақ зиялылары - Абай мен Шәкәрімнен басталып, кейіннен Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов сынды тұлғалармен жалғасып, патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы үн көтеріп, елін оятуға шақырды. Олардың халыққа арнап жазған үндеулері мен прокламацияларын заманында зор ерлік деп бағалау орынды. Өйткені бұл әрекеттер қазақ жұртының ұлттық санасын сақтап қалуға, рухани дербестігін қорғауға бағытталған еді. Мәселен, 1902 жылы енгізілген «крестьян начальнигі» жүйесіне, сондай-ақ ресми мектептерде араб тілін қолдануға тыйым салынуына білдірілген қарсылық - осының айқын айғағы ретінде аңғарсақ болады.

Бұл кезеңде қазақ оқығандарының арасында да түрлі көзқарас, түрлі бағыт орын алды. Бір тобы - «батысшылдар» атанып, орыс әдебиеті мен Еуропа мәдениетін игеру арқылы елді ілгері бастыруды көздеді, дінді екінші қатарға ысырып қойса, екінші бір топ - «түрікшілдер» - дін мен ғылымды біртұтас дүние деп танып, ислам негізінде білім мен мәдениетті дамыту қажет деп білді. Міне, осы екі бағыттың тоғысқан тұсында жәдидшілдік идеялар айрықша маңызға ие болып, халықтың рухани жаңғыруына дәнекер болды.

Жәдидшілдік идеялардың қазақ топырағында орнығуына Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі ерекше. Ол Ысмайыл Ғаспыралы ұсынған «усули саутие» әдісін қолдап, қазақ әліпбиін реформалауда тиімді пайдаланды. 1912 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Оқу құралы» атты еңбегінде автор өзінің дыбыстық әдіске сүйенгенін және оны Исмаил бейдің шығармалары негізінде түзгенін ашық көрсетеді. Бұл еңбек қазақ баласының сауатын ашуда, оқу жүйесін жаңартуда үлкен рөл атқарды.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде де жәдидшілдік сарын анық байқалады. Ғалымдар бұл дәуір қаламгерлерін олардың ұстанған бағытына қарай түрліше жіктейді. Мәселен, Б.Кенжебаев оларды ағартушылар және ағартушы-демократтар деп бөлсе [2, 189-

190], Ө.Әбдіманов үш бағытты көрсетеді: ағартушы, ағартушы-демократ және буржуазияшыл-ұлтшыл ақын-жазушылар [3, 82]. Бұл пікірлердің барлығы да жәдидшілдік идеялардың әдебиетке тигізген ықпалын айқындай түседі.

Міржақып Дулатұлының «Мен өзім медреседе оқымасам да 1904 жылдан бастап ноғай әдебиетін үйренуге әуестендім. «Тәржіман» газетін оқитын болдым. Бұлар маған сінді» деп жазуы [4, 109] - сол кезеңдегі қазақ зиялыларының жәдидшілдік идеялармен сусындағанының айқын дәлелі. Шынында да, «Тәржіман» газеті қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, тарихы мен экономикасына қатысты көптеген мақалалар жариялап, ел тағдырына бейжай қарамағанын көрсетті. Онда жарық көрген «Қазақтар», «Торғай һәм Орал облыстарындағы қазақтардың жағдайы», «Қазақтар және отарлау саясаты» секілді мақалалардан автордың қазақ жұртына деген жанашырлығы анық аңғарылады.

Осы айтылған жайттардың барлығы жәдидшілдік қозғалысының қазақ қоғамындағы орны мен маңызын айқындай түседі. Бұл қозғалыс тек оқу-ағарту ісімен шектелмей, ұлттық сана-сезімнің оянуына, рухани жаңғыруға, елдің болашақ бағдарының айқындалуына зор ықпал етті. Сондықтан жәдидшілдік пен Абай ілімінің өзара сабақтастығын зерделеу – қазақ руханиятының терең тамырларын тануға бастайтын маңызды ғылыми мәселе.

Абайдан кейінгі ұрпаққа ой саларлық рухани мұра қалдырған Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің естелігінде Абайдың философиялық және діни мұрасын жалғастырушы ретінде Исмаил Гаспралыны атап көрсетеді: «Абайдан кейінгі ұстазым ретінде Тержуман газетінің иесі Исмаил Гаспралыны айтсам артық болмайды. Оның газетін оқыдым, көп нәрсе үйрендім. Алла Тағала екі дүниеде мақсатына жеткізсін. Аумин» [1, 18].

Абай философиясының бұл тұжырымдары қазақ әдебиеті мен діни-философиялық ойдың дамуына терең ықпал етіп, Шәкәрім, Мекемтас Мырзахметұлы сияқты кейінгі зерттеушілерге рухани сабақ ретінде берілді. Сонымен, Абай мұрасы қазақ қоғамының мәдени және философиялық дамуына, адам бойында рухани кемелдік пен иман қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған айрықша құндылық болып саналады.

Материалдар мен әдістер

Теориялық талдау

Мақалада Абай Құнанбайұлының діни-философиялық ойлары мен өлеңдері, қарасөздеріндегі моральдық және рухани идеяларды талдау үшін бірнеше ғылыми әдіс қолданылды. Мәтіндік талдау әдісі арқылы ақын шығармаларындағы сөздер, тіркестер, риторикалық құрылымдар, әсіресе иман, ақыл, әділет, рахым сияқты негізгі тақырыптар зерттелді. Бұл әдіс Абай ойларын нақты мәтіндік деректер арқылы дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Салыстырмалы әдіс - Абайдың діни-философиялық көзқарастарын замандастарының, әсіресе Исмаил Гаспралының ағартушылық қызметімен салыстыруға мүмкіндік берді. Мұның нәтижесінде Абайдың ойларының ерекшелігі, дін мен ақыл арасындағы үйлесімділік, адам бойындағы моральдық қасиеттерге ерекше мән беруі айқындалды.

Тарихи-көркемдік контекст әдісі - XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік, діни және мәдени жағдайын зерттеуге мүмкіндік берді. Бұл әдіс арқылы Абай шығармашылығының өз дәуірінің талабына сай екенін, рухани және моральдық мәселелерді шешуге бағытталғанын көрсетуге болады.

Философиялық интерпретация әдісі – ақын шығармаларындағы адамгершілік, иман, әділет, рахым сияқты моральдық категорияларды ғылыми тұрғыда талдауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, аналитикалық әдіс арқылы өлеңдер мен қарасөздердегі тақырыптар мен мотивтер жүйеленіп, олардың біртұтас философиялық тұжырымға қалай айналғаны зерттелді. Сонымен қатар салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы Абай шығармашылығының дәстүрлі ислам философиясымен және шығыс-батыс ойшылдарының ілімімен байланысы қарастырылды. Мұнда Шәкәрім Құдайбердіұлының Абайды түсіну тәсілдері, Гаспралының

педагогикалық ықпалы және қазақ зиялылары арасындағы білім мәселелері де зерттеу шеңберіне енді. Осы әдістердің жиынтығы Абай шығармашылығын әдеби, философиялық және рухани қырларынан кешенді талдауға мүмкіндік беріп, ғылыми зерттеудің негізін қалыптастырды.

Нәтиже мен талқылаулар

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ қоғамы білім мен діни таным мәселелері тұрғысынан күрделі әлеуметтік-философиялық өзгерістерге ұшырады. Сол кезеңдегі оқымысты және зиялы қауым арасында негізгі екі бағыт анық көрініс тапты: біріншісі - дәстүрлі қадимдік бағыт, екіншісі - жаңашылдыққа негізделген жәдидшілдік. Қадимшілдік бағытында молдалар мен дәстүрлі медреселердің үстемдігі сақталып, шәкірттерді тек Құран мен хадис негізінде оқыту, сыртқы рәсімдер мен ескі дәстүрлерге бағындыру басты мақсат болып саналды. Бұл жүйенің басты ерекшелігі - шәкірттердің ой-санасын шектеу, жаңа ғылыми білім мен дүниелік пәндерді оқу бағдарламасына қосуға мүмкіндік бермеу еді. Дәстүрлі оқу орындарында білім алушылардың негізгі міндеті – дін ілімдерін жаттау, шәкірттердің ой-өрісі тек догмалық ережелерге бағынуымен шектелді. Мұндай жүйе қоғамдағы интеллектуалдық дамуды тежеді, әрі жастардың ой-санасын жаңаруға мүмкіндік бермеді.

Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздерінде адам өмірінің өткіншілігі мен тағдырдың өзгермейтін біртұтастығы туралы философиялық ойлар жиі кездеседі. Мысалы:

«Жас қартаймақ, жоқ тумас, туған өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек» [5, 65]

Бұл жолдардан көрініп тұрғандай, Абай өмірдің өткіншілігін, адам тағдырының қайталанбас ерекшеліктерін терең сезінген философ ретінде өмірді тек сыртқы әрекеттер тұрғысынан ғана емес, ішкі сенім мен рухани тазалық тұрғысынан қабылдайтынын көрсетеді. Ол үшін адамның өміріндегі ең маңызды нәрсе - тек сыртқы формалдық рәсімдер емес, ішкі сенім мен парасаттылық, ойдың биіктігі мен жүректің тазалығы.

Абайдың шығармаларына зер салсақ, ол дәстүрлі догмалыққа қарсы өзіндік философиялық позициясын қалыптастырғанын байқаймыз. Мысалы, өлеңдерінде:

«Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ бір Тәңірім, кеңшілік қыл» [6, 25]

одан бөлек:

«Дүниеге дос ақиретке бірдей болмас,
Екеуі тап бірдей боп орныға алмас.
Дүниеге ынтық, махшарға амалсыздың
Иманын түгел деуге аузым бармас» [6, 60]

– деп, ол шынайы сенім мен рухани әлемге баса назар аударады, яғни адам өз өмірін тек дүниелік табыстарға ғана сүйеніп құруға болмайтынын, рухани тазалық пен білімге мән беру керектігін айқындайды. Абайдың осы ойлары жәдидшілдік идеясымен үндескендей, себебі жәдидшілдік – білім мен ғылымның дамуына бағытталған қозғалыс ретінде, дін мен білімді үйлестіріп, жастарды ой-санасы мен дүниетанымын кеңейтуді мақсат етті.

Жәдидшілдік (усул-и жәдид) қозғалысы XIX ғасырдың екінші жартысында, әсіресе татар және қазақ зиялылары арасында білім беру, тіл, оқу-ағарту және дін саласындағы жаңаруды мақсат етіп басталды. Бұл қозғалыстың жетекшілері - Абдул насыр Курсави, Шиһабдин Маржани, Абдулкаюм Насыр және Һусейн Феизһани - дәстүрлі медреселердің білім беру әдістерін жаңартып, заманауи пәндерді енгізуді, шәкірттерге жан-жақты білім беру арқылы қоғамдағы интеллектуалды прогресті қамтамасыз етуді көздеді. Жәдидшілдер тек діни ілімдерге сүйеніп шектелмей, әдебиет, тарих, есеп, тіл, табиғаттану пәндерін

медреселерге енгізуді мақсат етті, бұл шәкірттердің ой-өрісін кеңейтіп, оларды әлемдік ғылыммен таныстыруға жағдай жасады.

Абайдың Кішкене молдамен болған диалогы жәдидшілдік пен қадимшілдік арасындағы қарама-қайшылықты айқын көрсетеді. М.Әуезов деректері бойынша, Абай өзінің білім мен ғылымға деген көзқарасын қысқа әрі дәлелді сөздер арқылы жеткізеді, молданы ұзақ сөйлетпей, ойындағы түйінді дәлелді айтады [7, 118 б.]. Бұл диалог Абайдың жаңа білім мен философияға сүйіспеншілігін, дәстүрлі догмалыққа қарсы тұрмысын көрсетеді. Ол шәкірттерге ғылымды, ой-сананы, логикалық ойлауды дәріптеп, жаңашылдық жолымен білім алуды насихаттады.

Абайдың өлеңдерінде философиялық ой мен жәдидшілдік негізгі идеяларын аңғаруға болады:

«Наданның көңлін басып тұр,
Қараңғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,
Ойында біра-ақ шаруасы.
Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі.
Мал құмар көңлі - бек соқыр,
Бүркіттен кембе жем жесі?» [10, 129]

Бұл өлең жолдары арқылы Абай надандық пен догмалыққа қарсы сын айтады, сондай-ақ қоғамдағы рухани жаңаруға бағытталған жәдидшілдік идеяларды қолдайды. Жәдитшілдік бағытында жастарға ғылым мен білімнің шексіз мүмкіндіктерін көрсету, оларды ой-санасы кең, білімді ұрпақ етіп тәрбиелеу басты мақсат саналды.

Жәдидшілдік пен Абайдың идеяларының үндестігі оның шәкірттерге білім беру, ғылым мен философияны меңгерту, дін мен дүниелік ілімді үйлестіру арқылы қоғамды жаңартуға бағытталғанын көрсетеді. Абай шәкірттеріне ғылым мен философияның тілін меңгеруді үйретіп, олардың ой-санасын кеңейтуді маңызды санады. Бұл - жәдидшілдік идеясымен толық үйлеседі: жаңа білім мен ғылымға сүйенген жаңашылдық арқылы қоғамдағы қараңғы дәстүрлерден арылу, рухани жаңару жүзеге асады.

Абайдың өлеңдері мен қарасөздеріндегі діни және философиялық ойлар адамның рухани дамуы мен иман мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Мысалы, оның:

Мекен берген, халық қылған Ол ләмәкан
Түп Иесін көксемей бола ма екен?
Және Оған қайтпақсың, оны ойламай,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен? [6, 63]

— өлеңінде адамның өмірлік мақсаты мен Тәңірге деген сенімінің мәні қарастырылған. Абайдың философиялық ойы бойынша, адамзаттың дүниедегі өтісі уақытша, ал рухани кемелдік пен иман мәңгілік құндылық болып табылады. Бұл ойды келесі өлеңінде былай жалғастырады:

Адамзат - бүгін адам, ертең топырақ,
Бүгінгі өмір жаркылдап алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың, білмейсің,
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ [6, 40].

Абайдың діни танымын Мұхтар Әуезов былай сипаттайды: «Абай – анық діншіл ақын. Дін-исламият жолының қағидаларына табынған, мұсылманшылықтың Алласын, пайғамбарын, иманын үнемі ауызға алып отырғаны дін ұстазының ұғым-нанымын көрсеткендей» [9, 158].

Бұл айтылған пікірден аңғаратынымыз, хәкім Абайдың рухани әлемінде ислам дінінің

орны бөлек, маңызы зор болғандығы. Ол дінді құр сыртқы ғибадат, жалаң рәсім деңгейінде ғана түсінбей, оның ішкі мәніне үңіліп, адам баласын хақ жолға бастайтын, жүректі тазартып, көңілді нұrlандыратын асыл ілім деп таныған.

Ақынның шығармаларында Алла тағала, иман, пайғамбар хақындағы ұғымдардың жиі әрі терең мағынада көрініс табуы – оның дінге деген берік сенімін ғана емес, сол сенімді ақылмен ұштастыра білген парасат иесі екенін де көрсетеді. Сондықтан Абайдың діндарлығы соқыр сенімге емес, терең таным мен кемел ойға негізделген, адамзатты имандылыққа, әділет пен рахымға үндейтін биік рухани ұстаным ретінде бағалануға лайық.

Абайдың діни философиясының негізінде адамның бойында иман мен ақылдың үйлесімін, діннің шынайы мәнін түсіну идеясы жатыр. Ақынның өлеңдерінде бұл идея айқын көрініс табады:

Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ,
Мүмин болсаң, үйреніп сенде ұқсап бақ.
Құран рас, Алланың сөзі дүр ол,
Тәуилін білерлік ғылымың шақ [6, 85].

«Абайдың сөзі - даналық көзі» философиялық еңбегінің авторы Марат Түсіпов осы өлең жайында қызықты пікір келтіреді. Ақын «растың бір аты - хақ, хақтың бір аты - Алла, бұған қарсы қаруланғанша, мұны ұғып, ғадаләтпен тәптештеу керек» деп, адам баласын хақиқатқа қарсы келмей, оны ақылмен, әділетпен, парасатпен тануға үндейді. Бұл байлам Абай дүниетанымының өзегін айқындап, Жаратушыны тану жолы - күрес не теріске шығару емес, керісінше, түсіну мен жүрекке тоқу екенін аңғартады. Демек, Алланы танудың да шамамыз жетерлік жолдары бар, ол жол - ізденіс пен ықыласқа, иман мен парасатқа негізделген рухани кемелдену жолы. Автордың ойынша, жаратушының сипаттары Абай ілімінде былай көрініс табады: Алла басты бастаушы және қостаушы, толықтырушы, бағыттаушы мен бағытталушы, ерітуші мен еруші болмау арқылы өз дербестігін сақтайды, сонымен бірге барлығымен байланыста болады, түсіндірілуші әрі түсіндіруші, бәрінің иесі әрі баршаға әрекет беруші деп тұжырымдайды [10, 80].

Абайдың қарасөздерінде діни және философиялық ойлар терең түсіндіріледі. Мысалы, 38-қарасөзінде: *«Біз Алла Тағаланы Өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хақим ақыл өрістіре алмады. Алла тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулі бірлән өлшеусізді білуге болмайды»* [11, 95].

Бұл ойлар адамның ақылы мен Алланың кемелділігін салыстыру арқылы адам бойындағы шектеулі таным мен рухани дамудың қажеттілігін көрсетеді. Абайдың қарасөздеріндегі дін тақырыбына арналған он бір мәтін оның дінге деген философиялық көзқарасын нақтылайды. 13-қарасөзде иман мен ғибадат [11, 35], 27-қарасөзде құлшылық пен ақыл [11, 64], 28-қарасөзде тағдыр мен ғибадат [11, 70], 34-қарасөзде ақырет пен дүниелік өмір [11, 84], 43-қарасөзде жан мен тән [11, 140], 45-қарасөзде Алла Тағаланың барлығына дәлел келтіріп әділет пен махаббат мәселесі қозғалады [11, 150].

Абай діннің соқыр рәсімдік көзқарасына қарсы болды. Ол 27-қарасөзінде былай дейді: *«Жас балаға оқу үйреткенде, бұрынғы молдалар қорқытып, ұрып-соғып, оқытады... Бұлай болған соң, оқыған нәрсесі көңілге ұйымай, көңілсіз нәрсе болып қалады»* [11, 64].

Абайдың бұл пікірі діннің тек формалдық рәсімдерден тұрмайтынын, оны жүреппен түсіну және адам бойына сіңіру қажеттілігін көрсетеді. Мұндай ойлар оның діни философиясының негізін құрайды және адамның рухани кемелдікке жету жолында иман мен ақылдың үйлесімін басты рөлге қояды.

Абайдың «Иманигүл» және «Камили инсани», «Кәміл адам» немесе «Толық адам» концепциялары оның діни көзқарасынан бөлінбейді. Мекемтас Мырзахметұлының зерттеуінде: «Алланың бойындағы сегіз сипатын құдірет пен ғылым сипатына қоса біріктіріп, оны бір сөзбен ғақыл яғни ақыл сөзімен атайды. Осы ақыл сипатына Абай өз

тарапынан нақылия, ғақлия дәлелдерге сүйене отырып, екі сипатты яғни әділет пен рақымды қосады. Осы өзі екшеп, даралап алған қастерлі үш ұғымнан - ақыл, әділет, рахымнан Абайдың толық адам туралы ілімінің негізі қаланады», - деп пікір білдіреді [12, 35-98]. Сондықтан, «Толық адам» концепциясы адамның бойындағы ақыл, әділет, рахым қасиеттерін үйлестіріп, рухани кемелдікке жетудің негізгі жолын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Абайдың діни танымы мен жәдидшілдік идеясын салыстырмалы түрде қарастырсақ, олардың негізгі үндестігі адам өміріндегі рухани тазалық, ой-сананы жаңарту, ғылым мен білімді дәріптеу, дәстүрлі догмалыққа қарсы тұру болып табылады. Абай өзінің шығармаларында дәстүрлі молдалардың догмалық көзқарасын сынап, жәдидшілдік идеяларын дәріптеді.

Бұл екі бағыт арасындағы үйлесім қазақ қоғамының рухани дамуына, білім мен ғылымның өркендеуіне үлкен үлес қосқан маңызды фактор болғанын айқындайды.

Қорытынды

Тақырыпты зерттеу барысында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы діни таным, білім беру жүйесі және рухани жаңару мәселелері жан-жақты қарастырылды. Бұл кезеңде қазақ қоғамы дәстүрлі қадимшілдік пен жаңашылдыққа негізделген жәдидшілдік арасындағы күрделі қарым-қатынастың кезеңі болды дей аламыз. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жәдидшілдік қозғалысы қоғамдағы білім мен ғылымды дәріптеу, шәкірттерді ой-санасы кең, жан-жақты білімді тұлға етіп тәрбиелеу арқылы қазақ қоғамын рухани жаңартуға бағытталған маңызды фактор болды.

Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы діни және философиялық ойлар жәдидшілдік идеясымен үндесіп, дәстүрлі догмалыққа қарсы тұратын өзіндік көзқарасын көрсетті. Өлеңдері мен қара сөздерінде ол надандықты, догмалықты, қоғамдық санадағы қараңғылықты сынға алып, білім мен ғылымға сүйіспеншілігін дәріптеді. Мысалы, өлеңіндегі:

«Наданның көңлін басып тұр,
Қараңғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,
Ойында біра-ақ шаруасы» [8, 129]

жолдар - кейбір дүмше молдалардың надандыққа негізделген көзқарасын сынау ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы білім мен ғылымның қажеттілігін аңғартатын философиялық үн. Мұнда Абайдың идеясы жәдидшілдікпен үндеседі: білім мен ғылымды дәріптеу арқылы халықтың рухани дамуына үлес қосу, жастарды ой-санасы кең, ойлы, парасатты тұлға етіп тәрбиелеу.

Жәдидшілдік пен Абай шығармалары арасындағы үйлесім қазақ әдебиетіне де айрықша әсерін тигізді. Біріншіден, әдебиеттегі жаңашылдық идеялары қоғамдағы дәстүрлі ескі қағидаларды сынап, шығармашылық ойдың дамуына жол ашты. Абайдың қара сөздері мен өлеңдері жәдидшілдік көзқарасын қолдап, жастардың білімге, ғылымға, ой-сананы кеңейтуге деген қызығушылығын арттырды. Екіншіден, әдебиеттегі жаңашылдық дәстүрлі мәтіндер мен моральдық қағидаларды заманауи тұрғыда қайта қарап, олардың мәнін терең түсінуге мүмкіндік берді. Яғни, әдебиет тек эстетикалық талғамды қанағаттандырмай, сонымен бірге қоғамдағы рухани жаңаруға әсер ететін құралға айналды.

Абай шығармаларының жаңашылдық аспектісі жәдидшілдік идеясымен үндесіп, халықты білімге шақырып, дәстүрлі догмалықтан арылуға, ой-санасын кеңейтуге бағытталды. Бұл өз кезегінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына айрықша үлес қосып, ұрпаққа ғылыми білім мен рухани құндылықтарды үйлестіре оқытудың үлгісін көрсетеді. Сонымен қатар, Абай шығармалары жастарға өз тағдырын саналы түрде қалыптастыруға, ғылым мен діннің үйлесімділігін түсінуге, өмірдегі рухани тазалық пен парасаттылыққа ұмтылуға үйрететін маңызды педагогикалық құрал болып саналады.

Зерттеу нәтижелерінен XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында жәдидшілдік пен Абай шығармалары арасындағы үйлесім қоғамдағы білім мен ғылымның дамуына, әдебиет пен рухани мәдениеттің жаңаруына айрықша үлес қосқанын көруімізге болады. Сонымен қатар жәдидшілдік идеялары арқылы халықтың рухани және интеллектуалды дамуына жағдай жасалды, ал Абайдың шығармалары бұл процесті әдебиет пен философиялық ой арқылы кеңейтті. Осылайша, Абайдың шығармалары мен жәдидшілдік идеялары бір-бірін толықтырып, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жаңаруында, жастардың ой-санасын кеңейту мен рухани тәрбиелеуде өзіндік рөл атқарды.

Зерттеу нәтижесінде анықталғандай, қазіргі таңда Абай шығармаларын терең талдау арқылы дәстүрлі догмалыққа қарсы тұрған, білім мен ғылымды дәріптеген, жаңашылдыққа үндеген жәдидшілдік идеяларын жастарға жеткізу - бүгінгі қоғам үшін де маңызды. Бұл қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеу, ғылыми тұрғыдан талдау және ұлттық рухани дәстүрлерді сақтап, дамытудың өзекті міндеті болып қала береді деп сенеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Mektep A. Ismail Bei Gaspıralı ve kazaklar Ismail Bei Gaspıraliisin. Ankara: «Kirim vakfı», 2004. 69 s.
2. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Алматы. Жазушы, 1986. 398 б. 189-190 бб.
3. Әбдіманов Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Алматы. Қазақ университеті, 2002. 430 б. 82 бб.
4. Діқан Қамзабекұлы. Алаш және әдебиет. Астана: Фолиант, 2002. 474. 109 бб.
5. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.ІІ. Алматы. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. 312 б. 65-60 бб.
6. Абай Құнанбайұлы. Таңдамалы шығармалар. Алматы. Ғылым, 1961. 120 б. 25 бб.
7. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Екінші кітап. Абай. Алматы. «Жазушы» 2006. 432 бет. 118 бб.
8. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер. Алматы. «Жібек жолы» 2005. 488 бет.
9. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы, том 20. («Абай Құнанбайұлы» атты монографиялық еңбегі). Алматы. «Жазушы», 1985. 496 б. 158 бб.
10. Түсіпов М.И. Абай сөзі - даналық көзі. Қарағанды: 2020. 263 б. 80-129 бб.
11. Құнанбайұлы А. Қарасөз. Алматы. «Көшпенділер» баспасы, 2011. 184 б. 35 бб.
12. Мырзахметұлы М. Түркістан Тараз арасы. Астана, «Білге». 2002. 431 б. 35-98 бб.
13. Исмаил Гаспринский Русское мусульманство. Казань, 1993. 80 стр.

Referense liste:

1. Mektep A. Ismail Bei Gaspıralı ve kazaklar Ismail Bei Gaspıraliisin. Ankara: «Kirim vakfı», 2004. 69 s.
2. Kenzhebaev B. Adebiet belesteri. Almatı. Zhazuchı, 1986. 398 b. 189-190 bb.
3. Abdimanov O. XX ғasır bas kezindegi qazaq adebieti. Almatı. Kazak universiteti, 2002. 430 b. 82 bb.
4. Dihan Kamzabekulı. Alasch zhane adebiet. Astana: Foliant, 2002. 474. 109 bb
5. Abay (Ibrahım) Qunanbaev. Schıғarmalarınıñ eki tomdıq tolıq jınağı. T.II. Almatı. Kazak SSR-niñ «Ğılım» baspası, 1977. 312 b. 65-60 bb.
6. Abay Qunanbayulı. Tandamalı schıғarmalar. Almatı. Ğılım, 1961. 120 b. 25 bb.
7. Auezov M. Abay zhólı. Roman-epopeya. Ekinschi kitap. Abay. Almatı. «Jazuschı» 2006. 432 bet. 118 bb.
8. Abay (Ibrahim Kunanbaev). Olender, poemalar, awdarmalar men qarasozder. Almatı. «Zhibek zhólı» 2005. 488 bet.

9. Auezov M. Zhiirma tomdıq schıgarmalar zhinagı, tom 20. («Abay Runanbayulı» attı monografiyalıq enbegi). Almatı. «Jazwşı», 1985. 496 b. 158 bb.
10. Tusipov M.I. Abay sozi - danalıq kozi. Karağandı: 2020. 263 b. 80-129 bb.
11. Kunanbayulı A. Qaraso. Almatı. «Koschpendiler» baspası, 2011. 184 b. 35 bb.
12. Mirzahmetulı M. Turkistan Taraz arası. Astana, «Bilge». 2002. 431 b. 35-98 bb.
13. Ismail Gasprinskiy Russkoe musulmanstvo. Kazan, 1993. 80 str.

Жауапты автор туралы мәлімет (толық аты-жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы): **Шекербек Аружан** – «Филология» мамандығының магистранты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Зерттеу Университеті Шымкент қ., Қазақстан Республикасы. shkerbekaruzhan@bk.ru